



Бүгін Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының аванзалында «Ел тірегі - Елбасы» тақырыбында Түнгыш Президент күніне арналған кен көлемді кітап көрмесінің ашылу салтанаты ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты - Түнгыш Президенттің көрнекті саясаткер, Ұлт көшбасшысы ретіндегі тұлғасын, тәуелсіз мемлекетті қалыптастыру және дамытудағы еңбек жолы, тарихи кезеңдер туралы маңызды жана әдебиеттермен таныстыру. Жас ұрпақты, Елбасының сан қырлы талант иесі, күдіретті тұлға екенін таныту, елімізге еңсе тіктетіп, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, Алаш баласының абыройын асқатқан Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу. Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мазмұны терең, идеясы ерэн, келешегі көнен мақаласымен таныстыру. Тол руханиятымызды дамытуға ерекше серпін берген Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы Казак жұртының тарихи тұлға-тамыры өте тереңде жатқанын, мықты далалық оркениетіміздің бар екенін көрсету.

Көрмеде көне заманнан бүгінге дейінгі мемлекет шежіресінен сыр шертетін әдебиеттер орын алған. Халқымыздың салт-дәстүрі, рухани байлықтарымыз, ұлттық болмысымыз бен

терен тарихымыз жайлы жана әдебиеттер ұсынылды.

Мерекелік шара облыстық кітапхананың директоры Н.Мырзамұратованың құттықтау сөзімен ашылды. Шарада Елбасы туралы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкері Ахметбек Бакытжан, Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің әскери қызметшісі, майор Ерлан Абдуллаев ой толғамдарымен бөлісті.

Шараға Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушылары, БАҚ өкілдері, «Болашақ» медициналық колледжі студенттері, Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің әскери қызметкерлері қатысты.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы